

## Шетелге іссапарларға бару туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 15 қарашадағы N 459

1. Валюталық қаржының шектеулігіне және атқару органдарының қайта ұйымдастырылуына байланысты Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, басқа да орталық және жергілікті атқару органдары қызметкерлерінің шетелге іссапарларға баруы 1995 жылдың аяғына дейін тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқару органдары басшыларының шетелге іссапарлары жөнінде құжаттарын ресімдеу кезінде елдің сыртқы саяси ведомствосы арқылы шақыру туралы растамаға сұрау салсын, ал, Қазақстан делегациясы барған кезде - шақырған тараптың сыртқы істер министрлігіне нота тәртібімен хабар берсін.

Премьер-министр